КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 31 қазан №1112-23-00-2/2788 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Colorit Company» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің «Colorit Company» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану тарулы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Colorit Company» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Colorit Company» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Г. И., 31.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.12.2023, судья Нургалиева Г. И., 08.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1112-23-3-1/3241